

Алюминий кластері құрылады



2-бет

Туристер үшін тартымды өңір



5-бет

Сахна саңлағы ел есінде



8-бет

ТАҒЫМ

Жеңіс жаңғырығы

Жеңіс күнінде «Мәңгілік алау» Даңқ мемориалында соғыс құрбандарын еске алуға арналған салтанатты жиын өтті. Алау басына жиналған жұрт майдангерлер рухына тағзым етті. Гүл шоқтарын қойып, бір минуттық үнсіздік жарияланды. Мемориал маңына тансәріден қала тұрғындары мен ардагерлер, әскери қызметшілер мен қоғам белсенділері және өскелең ұрпақ өкілдері көптеп жиналды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рәсімнің салтанатты бөлігі «Мәңгілік алау» Даңқ мемориалына гүл шоқтарын қоюмен жалғасты. Ең алдымен, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Қобжанов, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары Құдайберген Бексұлтанов, Арман Қалықов, Бауыржан Смағұлов, Қарағанды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Туяқов бастаған ресми делегация мемориалға тағзым етті.

Қарағанды өңірі де бұл ортақ Жеңіске өлшеусіз үлес қосты. Соғыс жылдарында республикадан майданға 1 миллион 200 мыңнан астам адам шақырылса, оның 60 мыңға жуығы қарағандылықтар еді. Майданнан 25 мың жерлесіміз оралмады. Қарағанды облысынан шыққан 34 жауынгерге Кенес Одағының Батыры атағы беріліп, 13 адам «Даңқ» орденінің толық кавалері атанды. Мыңдаған азамат орден-медальдармен марапатталды.

Олардың қатарында есімдері ел есінде сақталған Нұркен Әбдіров, Қазыбек Нұржанов, Мартбек Мамырсаев, Петр Теряев, Федор Ульянов сынды батырлар



Суретті түсірген Александр Марченко

бар. Бұл есімдер кеншілер шаһарының көшелерінде, ескерткіштерінде, мемориал тақталарында ғана емес, елдің тарихи жадында мәңгілікке таңбаланды.

– Бүгін Мәңгілік алау басына жиналған қалың жұртшылықтың ниеті бір – ол азаттық жолында жанын пидә етіп, кейінгі ұрпақтың бақытты болашағы үшін өмірін қиған боздақтардың рухына

тағзым ету. Бұл күн – халықтың жадында өшпестей жазылған, қасіреті мен қуанышы қатар өрілген кәсіретті күн. Біз үшін Жеңісті жақындатқандар мен сол жолда мерт болғандардың алдындағы парызымыз – бейбітшілікті сақтау, тарихты ұлықтау және өткенге құрметпен қарау. Алаңнан кішкентай бүлдіршіндерін ерткен отбасыларды, ақ самайлы ардагерлер

мен айбынды әскерилерді, қоғам белсенділерін көріп, көңілің толқиды. Демек, бұл күн – барша қарағандылықтар үшін өткен мен бүгінді саралайтын, бейбіт күннің қадірін ұқтыратын қасиетті сәт, – деді Қарағанды медицина университетінің профессоры Вилена Молотов-Лучанский.

► 2-бет

ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

ЖИ дәуірі басталады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллектті ендіру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл бастама мектептердегі білім сапасын арттырып, оқыту процесін заманауи технологиялармен жаңғыртуға бағытталған. Ең әуелі Үкімет 2026-2029 жылдарға арналған арнайы жоспар әзірлейді.

Жарлықта Жасанды интеллектті дамыту жөніндегі кеңестің мүшесі Ли Кай-Фудің ұсынымдарын жұмыс барысында қолдану қарастырылған. Үкімет қала мен ауыл мектептері арасында білім беру сапасының алшақтығын қысқарту мақсатында 2026 жылдың 1 маусымына дейін орта білім беру саласындағы пилоттық жобаны іске асыру, оны одан әрі кеңінен тарату жөнінде нақты ұсыныстар енгізуге тиіс.

2026 жылдың 1 тамызына дейін пилоттық жобаны іске асыру аясында мектептер техникалық тұрғыдан жарактандырылады. Соның ішінде тұрақты, жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз етіледі. 1 қыркүйекке дейін орта білім беру жүйесінде жасанды интеллектті қолдану стандарттары бекітіледі.

Өз тілшімізден

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Балабақшаға сұраныс баршылық

Балаларды қорғау күнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жас ұрпаққа тағалымды тәрбие, сапалы білім беріп, олардың бойына асыл қасиеттерді сіңіру – баршаға ортақ парыз. Мемлекет балалардың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасай береді. Әрбір бүлдіршінің балалық шағы бақытты, болашағы баянды болсын!» деп атап өтті. Осы ұстаным мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі негізгі саясаттың бағытын айқындап отыр. Қазақстанда соңғы жылдары балабақша инфрақұрылымын кеңейту, мемлекеттік тапсырыс механизмін дамыту және жекеменшік секторды тарту арқылы орын тапшылығын азайту өзекті. Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде соңғы алты жылмен бағамдасақ, көптеген жұмыстар атқарылды. Алайда, Қарағандыдағы балабақша кезегін күткен 6 мыңға жуық баланың өтінішін ескерсек, мәселе толық шешімін таппаған.



ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАЙ ОТЫРЫП...

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектепке дейінгі білім қолжетімді

Өңірлік статистикалық деректерге сүйенсек, 2024-2026 жылдар ара-

лығында балабақша инфрақұрылымы біртіндеп ұлғайып, сұраныс деңгейі де соған сай өсіп келеді. Бүгінде өңірде шамамен 410-420 аралығында мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Оның ішінде, мемлекеттік секторға қарасты

балабақшалар мен шағын орталықтардың үлесі 200-ден астам, ал, жекеменшік балабақшалар саны 101-110 аралығында. Бұл құрылым соңғы жылдары мемлекеттік тапсырыс арқылы жеке секторды тарту есебінен кеңейіп келеді.

Сондықтан, облыста балабақшаға баратындар саны шамамен 38-40 мың баланы құрайды. Ресми есептер бүгінде баланы балабақшамен қамту деңгейі 90,9 пайызды құрағанын айтады.

► 3-бет

Жеңіс жаңғырығы



сұрапыл соғыста жанкештілікпен шайқасты. Олардың қаһармандығы мен төзімділігін еске салатын кәсіпкерлік күн. Мен өзім де әскери өмірдің қиындығын көріп, окоп пен блиндаждың дәмін татқан жанмын. Сондықтан, майдангерлердің сол кездегі күйін, соғыстың адам баласына түскен ауыр сын екенін жан-дүниеммен түсінемін. Жеңіс те бізге оңайлықпен келген жоқ. Оның артында өлшеусіз еңбек пен орны толмас шығын жатыр. Кезінде соғыста 20 миллион адам қаза тапты деп айтылса, қазіргі деректер бұл санның 27 миллионға жеткенін көрсетеді. Бұл сандардың астарында қаншама тағдыр, қаншама қасірет жатыр. Мұны ұмытуға хақымыз жоқ. Бүгінде Қарағанды қаласы бойынша небары алты-ақ соғыс ардагері қалды. Олардың арасында 104 жасқа толған Сұңғат ақсақалымыз бар. Осы қарияларымыздың әрқайсысы – біз үшін тірі тарих, кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге. Қарияларымызға Алла қуат берсін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болып, еліміздің іші даудан, сырты жаудан аман болғай! – деді Шүкіржан Елубайұлы.

Соғыс жылдарынан қалар басты сабақ – бейбітшіліктің бағасын ұғыну һәм ел ішіндегі береке-бірлікті сақтау. Өйткені, Жеңіс тек майдан шебіндегі шайқас емес, ол – тұтас халықтың төзімі мен мұқалмас рухының жемісі.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

Алюминий кластері құрылады



Облыста алюминийді терең өңдеуге негізделген жаңа өнеркәсіптік бағыт қалыптасып келеді. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында іске асырылып жатқан ауқымды жоба тек радиатор шығарумен шектелмейді. Өңірде толық өндірістік циклге негізделген тұтас алюминий кластері құрылмақ. Жоба жүздеген жаңа жұмыс орнын ашып, ғылым мен өндірісті тоғыстырып, Қазақстандағы түсті металлургияның жаңа кезеңіне жол ашуды көздейді. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі мәлімдеді.



Өңір экономикасы үшін маңызды бастаманың өзегі – Silumin of Qazaqstan зауыты. Кәсіпорын алюминий және биметалл жылыту радиаторларын өндіруге маманданған. Мұнда алюминий сынықтарын қайта өңдеуден бастап, дайын өнім шығаруға дейінгі толық өндірістік цикл жолға қойылады.

Жоба аясында болашақта алюминий профильдері, кабельдер, тұрмыстық бұйымдар, ыдыс-аяқ және жарық техникасын өндіру жоспарланған. Бұл өңірде жоғары қосылған құны бар өнім өндірісін дамытуға мүмкіндік береді. Кәсіпорында экологиялық қауіпсіздік мәселесіне де басымдық берілген. Өндірісте қолданылатын decoating технологиясы зиянды шығарындыларды азайтып, қайталама шикізатты тиімді пайдалануға жол ашады. Соның нәтижесінде қоршаған ортаға түсетін салмақ төмендеп, өндірістік қалдық көлемі қысқарады.

Зауыт технологиялары Италия мен Германияның салалық институттарының қатысуымен әзірленген. Бұл өндірістің халықаралық талаптарға сай тиімділігін және өнім сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған.

Кәсіпорын ретінде біз шикізат базасын қалыптастырып жатырмыз. Алюминий сынықтарының түрлі түрлерін қайта өңдеу арқылы әртүрлі қорытпалар аламыз. Бұл бағыт елімізде әлі толық дамымағандықтан, ғылыми ұйымдар мен университеттерді тартып отырмыз. Қазақстанда шикізат пен энергетикалық ресурстар жеткілікті, енді міндет – технологиялық білімді күшейтіп, өнімнің қосылған құнын арттыру, – дейді Silumin of Qazaqstan зауытының жетекшісі Нұрсұлтан Жұмабек.

Өз тілшімізден

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сондай-ақ, «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы Бағлан Әсербаев, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті, облыс прокуратурасы, полиция департаменті, экономикалық тергеу-тексеру департаменті, қорғаныс істері департаменті, төтенше

жағдайлар департаменті және өзге де құрылымдардың басшылары мен өкілдері гүл шоқтарын қойды. Мемориалға ардагерлер ұйымдары, этномәдени бірлестіктер, қоғамдық ұйымдар, саяси партиялар, кәсіпорындар мен мекемелер, қала тұрғындары да келіп, батырлар рухына құрмет көрсетті.

Жауынгер батырларды еске алу құрметіне бір минут үнсіздік жарияланды. Мәңгілік алау маңын

басқан бір сәттік тыныштықта майдан даласында қалған боздақтардың рухына деген елдік тағзым ишарасы жасалды.

Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты, Қарағанды облысы бойынша тәжік-ауған шекарасы ардагерлерінің төрағасы Шүкіржан Құлжанбек те ардагерлер ерлігіне тағзым білдірді.

– Жеңіс күнін тек мереке деп сезінуіміз керек. Аталарымыз

• КӨКТЕМГІ ЕГІС – 2026

Қырдағы қызу еңбек

Биыл өңір диқандары егіс көлемін 1,2 миллион гектарға дейін ұлғайтып, азық-түлік қауіпсіздігін күшейтуге бағытталған маңызды қадам жасап отыр. Әсіресе, майлы және мал азықтық дақылдарға басымдық беріліп, картоп пен көкөніс алқаптарының көлемі де ұлғаяды. Мемлекеттік қолдау мен жаңарған техника – биылғы науқанның басты артықшылығы.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Биыл өңірдегі егіс алқабының көлемі 1,2 миллион гектарға жетті. Бұл – ауыл шаруашылығы саласындағы тұрақты өсім мен аграрлық секторға көрсетіліп жатқан қолдаудың нақты нәтижесі. Сондай-ақ, өңірде өсімдік шаруашылығын әртарапандыру жұмыстары жалғасуда. Яғни, бұрынғыдай тек бидайға ғана тәуелді болмай, нарық сұранысына сай әрі экономикалық тиімді дақылдардың үлесі көбейіп келеді.

Мәселен, бидай алқаптарының бір бөлігі қысқартылып, оның орнына майлы дақылдар мен мал азықтық дақылдар егілуде. Бұл бір жағынан ішкі нарықтағы азық-түлік тұрақтылығын қамтамасыз етсе, екінші жағынан мал

шаруашылығын дамытуға серпін береді. Ауыл шаруашылығы мамандары мұны қазіргі климаттық және экономикалық жағдайға бейімделудің тиімді жолы деп бағалайды.

Сонымен бірге, картоп пен көкөніс егу көлемі де ұлғайған. Бұл бағыттағы жұмыстар, әсіресе, әлеуметтік маңызға ие. Себебі, өңір халқын отандық өніммен қамту, бағаны тұрақтандыру және азық-түлік қауіпсіздігін нығайту бүгінде басты міндеттердің біріне айналған.

Ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, көктемгі дала жұмыстарына 8,4 мың трактор, 229 егіс кешені, 4,4 мыңнан астам сепкіш және 9,7 мың өзге де ауыл шаруашылығы техникасы

жұмылдырылған. Соңғы жылдары техника паркін жаңарту жұмыстары күшейіп, шаруашылықтар заманауи әрі өнімділігі жоғары техникалармен қамтылып келеді. Бұл – егіс жұмыстарын қысқа мерзімде әрі сапалы орындауға мүмкіндік береді.

Өңірде суармалы егіншілікті дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Климаттың құбылмалы жағдайында су үнемдеу технологияларының маңызы артып отыр. Сондықтан, мемлекет тарапынан бұл бағыттағы жобаларға қолдау көрсетілуде. Шаруаларға су жеткізу қызметтері субсидияланып, тамшылатып және жаңбырлатып суару технологияларын енгізуге мүмкіндік жасалуда.

Мемлекеттік қолдау шаралары

биыл да жалғасын тапты. Аграршылар жоғары сапалы тұқымдар мен минералды тыңайтқыштар сатып алып, техникаларын жаңартуға мүмкіндік алған. Сонымен қатар, басым дақылдарды өсіруге, пестицидтер сатып алуға арналған субсидиялар қарастырылған.

Көктемгі науқанды уақытылы өткізу үшін арзандатылған дизель отыны бөлінді. Бұл шаруалардың шығынын азайтып, жанар-жағармай мәселесін шешуге көмектесуде. Бұдан бөлек, «Кен дала» және «Кен дала 2» бағдарламалары аясында жеңілдетілген несиелер беріліп, аграршылардың қаржылық мүмкіндігі кеңейтілді.

Суретті түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

Тазалыққа үндеген бастама

Саран қаласында «Таза Қазақстаным, таза Атамекенім!» республикалық челленджі аясында ауқымды экологиялық акция ұйымдастырылды. Игі бастамаға 100-ден астам адам қатысып, қала аумағын абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарына атсалысты. Облыстың кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметінің мәліметінше, экологиялық акция кәсіпкерлерді, қоғам белсенділерін және тұрғындарды ортақ мақсатқа біріктірді.

Салтанат ІЛИАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Челлендждің бастамашысы – «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы. Бастаманы облыс кәсіпкерлері белсенді түрде қолдап, өңірдегі экологиялық мәдениетті дамытуға өз үлесін қосты.

Акция барысында қатысушылар қоғамдық орындардың бірін тазалап, аумақты ретке келтірді. Сондай-ақ, жаңа ағаш көшеттері отырғызылып, қаланың жасыл желегін көбейтуге көңіл бөлінді. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай шаралар қоршаған ортаны қорғауға ғана емес, тұрғындардың

туған жерге деген жауапкершілігін арттыруға да ықпал етеді.

– Бүгін кәсіпкерлермен және қала тұрғындарымен бірге Саранды жасыл желекке бөленген, таза әрі өмір сүруге қолайлы қала етуге үлес қосып жатырмыз. Осындай бастамалар бизнесті де, қоғамды да ортақ мақсат – туған жерге қамқорлық жасау және балаларымыздың болашағын ойлау жолында біріктірді, – деді Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасы өңірлік кеңесінің төрағасы, «A.V. Group» ЖШС-нің бас директоры Владимир Алескеров.

Акция барысында қатысушылар табиғатты қорғау мен эко-



логиялық мәдениетті қалыптастырудың маңызы туралы пікір алмасты. Қоғамдық белсенділер мұндай акциялар, әсіресе, жастарды экологиялық жауапкершілікке тәрбиелеуде маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Экологиялық эстафетаны енді Балқаш қаласының кәсіпкерлері қабылдап алды. Олар да өз қалаларында көгалдандыру және абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Осылайша «Таза Қазақстаным, таза Атамекенім!» челленджі өңірлерді біріктірген игі бастамаға айналып келеді.

Сурет облыстың кәсіпкерлер палатасы баспасөз қызметінен

Балабақшаға сұраныс баршылық

(Соңы. Басы 1-бетте).

Соңғы екі жылда екі мыңнан астам жаңа орын ашылды. Бұл жайлы облыстық білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев өткен жылды қорытындылаған есебінде атап өтті.

– Мектепке дейінгі білім беру саласында екі жастан алты жасқа дейінгі балаларды қамту деңгейі 90,9 пайызды құрады. Жыл ішінде қосымша орындар енгізіліп, жаңа мектепке дейінгі ұйымдар ашылды. Бұл қолданыстағы желіге түсетін жүктемені ішінара азайтуға мүмкіндік берді. Қарағанды қаласында мемлекеттік және жекеменшік секторды қамтыған мектепке дейінгі ұйымдарды ваучерлік қаржыландыруды енгізу басталды. Бұл тетік қаржыландырудың ашықтығын арттыру және ата-аналар үшін қолайлылықты қамтамасыз ету құралы ретінде пайдаланылуда және 2026 жылдан бастап, облыс аумағында кезең-кезеңімен кеңейту жоспарлануда, – деді Дулат Жекебаев.

Алайда, мамандар бұл көрсеткіштің ішіне әртүрлі форматтағы топтар, қысқа мерзімді орталықтар мен аралас топтар кіретінін де растайды. Сондықтан, баланы балабақшадағы орынмен нақты толық қамту деңгейі өңірлік контексте әрқелкі бағаланады.

Аймақтың білім басқармасы ұсынған 2025 жылғы деректерге сүйенсек, сол жылы да мектепке дейінгі білім беру жүйесінде бірқатар жаңашылдықтар жүзеге асты. Балаларды есепке алу және мектепке дейінгі ұйымдарға жолдама беру Бірыңғай республикалық деректер базасына көшірілді. Дерекқорда кезекте тұрған жолдамалар ата-аналардың қатысуынсыз министрлік арқылы автоматты түрде берілді. Кезек әр балабақша үшін жеке қалыптасты. Әр ата-ананың төрт



орындық мемлекеттік балабақша мәселесінің шешілгені балқаштықтар үшін тиімді болды. Приозерск қаласында 320 орындық, Пришахтинск қаласында 320 орындық мемлекеттік балабақша салу мәселесінің күн тәртібіне қойылуы – өңірдегі мектепке дейінгі білім беру инфрақұрылымын дамытуға бағытталды. Жалпы, 2024 жылғы деректерге көз жүгіртсек, облыста балабақша жүйесі негізін қолданыстағы инфрақұрылымды кеңейту және жекеменшік секторды қолдау арқылы дамыған.

Ал, 2025 жылға қарай өңірде мемлекеттік және жеке балабақшалар іске қосылып, жалпы орын саны көбейе бастады.

Алайда, 2026 жылы да бұл үрдіс жалғасқанымен, жаңа ашылған нысандар демографиялық өсім мен көші-қон есебінен пайда болған сұранысты толық жаба алмауда. Бүгінде аймақта балабақшаның

дерекке әртүрлі себеппен балабақша кезегіне тіркелмеген немесе балама күтім формасын таңдаған отбасылар кірмейді.

Мамандардың айтуынша, нақты сұраныс бұдан жоғары болуы мүмкін, себебі, кей ата-аналар кезекті ұзақ күтуіне байланысты электронды базаға ертерек тіркелмейді. Баласы үшін арнайы жеке күтушінің қызметін пайдаланатындар да бар.

Білім саласындағы сарапшылардың пікірінше, басты мәселе балабақша санының жетіспеушілігінде ғана емес, олардың географиялық жағынан түрі аймақта орналасуында. Мысалы, қала орталықтарында жүктеме жоғары болса, кей ауылдық аймақтарда бос қалған орындар бар.

Оқу-ағарту министрлігі баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, жаңа орындардың ашылуы және мектепке дейінгі ұйымдардың құрылысы саласын дамыту бағытында



балабақшаны таңдай алуға мүмкіндігі болды. Өткен жылы республикада алғаш рет бұл жоба Шахтинск қаласында сәтті сыналды.

Сондай-ақ, бірқатар жаңашылдықтар жүзеге асқан сол жылы Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Бұқар жырау ауданында 1206 орындық балабақшалардың ашылуы – мектепке дейінгі білім беруге қолжетімділікті қамтамасыз етті. Мемлекет тарапынан ұсынылған мүмкіндіктер жаңа жұмыс орындарын құрып, бір жағынан балалары көп отбасыларға қолдау білдірді.

Бұрынғы емхана ғимаратын қайта жаңғырту арқылы Бұқар жырау ауданы, Новоузенка ауылында 140 орындық жеке балабақша салынды. Балқаштағы 280

саны өссе де, кезектің қысқармай отығаны – қаладағы ішкі көші-қон және жаңа тұрғын үй массивтерінің көбеюінен де болуы мүмкін.

– Қарағанды дамып келеді, жаңа тұрғын кешендер мен толық микрорайондар пайда болуда, оларға инфрақұрылым қажет. Қазіргі уақытта ең үлкен кезек дәл облыс орталығында сақталып отыр, – деді облыстық білім басқармасының бас маманы Гүлдана Нұрсұлтан.

Ресми дерек пен шынайы сұраныс

Ресми деректер бойынша, тек Қарағанды қаласының өзінде балабақша кезегіне 6 мыңға жуық бала тіркелген. Бұл

бірқатар жобалар жүзеге асырылып жатыр. Білім басқармасы тарапынан мемлекеттік балабақшалар салу, жекеменшік секторды мемлекеттік тапсырыс арқылы қолдау, цифрлық кезек жүйесін жетілдіру мәселесі негізгі бағыт ретінде көрсетілуде. Дегенмен, ата-аналар арасында балабақшаға орналасу мәселесі әлі де өзекті. Әсіресе, ірі қалалар мен халық тығыз орналасқан аудандарда орын тапшылығы сезіледі. Өңір тұрғындарының айтуынша, соңғы жылдары жаңа балабақшалар ашылғанымен, сұраныс көлемі азаймаған. Көпбалалы отбасылар мен жас ата-аналар үшін кезек мәселесі күнделікті қиындыққа айналған. Кей жағдайда ата-аналар балабақша кезегін бірнеше ай емес, бірнеше жыл күтуге мәжбүр болады.

• БӘРЕКЕЛДІ!

IT ұстаздың жеңісі

Қарағанды облысының мұғалімі республикалық деңгейде үздіктер қатарынан көрінді. Осакаров ауданындағы №9 гимназия базасындағы тірек мектептің информатика пәні мұғалімі Юрий Федоров CPFED Uzdk IT Ustaz спорттық бағдарламалау бойынша республикалық олимпиадасында қола жүлдеге ие болды. Елордада өткен білім бәйгесіне Қазақстанның 17 өңірінен 34 педагог қатысқан.



Облыстың намысын бұл додада екі ұстаз қорғады. Олардың қатарында Бұқар жырау ауданындағы Токарев тірек мектебінің мұғалімі Андрей Арцыбашев пен Осакаров ауданындағы педагог Юрий Федоров болды. Ол жүлделі үшінші орыннан көрініп, өңір абыройын асқаттағты.

Бүгінде IT саласы қарқынды дамып, бағдарламалау мен цифрлық сауаттылық замана талабының біріне айналды. Мұндай кезеңде оқушыларға тек теория үйретіп қана қоймай, оларды олимпиадалық деңгейдегі ойлау жүйесіне бейімдеу – үлкен еңбекті қажет етеді. Юрий Федоров осы бағытта бірнеше жылдан бері жүйелі жұмыс істеп келеді.

Педагогтың айтуынша, ол бағдарламалауға қызығушылығы бар оқушыларды арнайы іріктеп, тереңдетілген дайындық жүргізеді.

– Мектепте алты жылдан бері жұмыс істеп келемін және өз мамандығымды шын жақсы көремін. Өз бастамамен дарынды оқушыларды жинап, бағдарламалауды тереңдетіп оқытамын. Шәкірттеріміз арасында өте мықты балалар бар, – дейді Юрий Федоров.

Олимпиадаға дайындық барысында мұғалім оқушыларымен бірге күрделі алгоритмдік тапсырмаларды талдап, түрлі деңгейдегі есептерді шешуге машықтанған. Бұл педагогтың тек өз нәтижесіне емес, шәкірттерінің де дамуына ерекше көңіл бөлетінін аңғартады.

– Олимпиада аяқталған соң балалар бірден хабарласып, қандай тапсырмалар болғанын сұрай бастады. Олармен бірге есептерді талдау өте қызық. Еңбегімнің бағаланғаны қуантады. Әсіресе, биыл қатысушылар деңгейі өте жоғары, – дейді ұстаз.

Юрий Федоров бұл олимпиадада алғаш рет топ жарып отырған жоқ. Өткен жылы да дәл осы республикалық додада қола жүлдегер атанған. Бұл – оның кәсіби деңгейінің тұрақты екенін көрсетеді.

Қазір педагог жаңа оқу жылына дайындықты бастап кеткен. Алда оқушыларымен бірге тағы да республикалық және халықаралық жарыстарға қатысуы жоспарлап отыр.

Өз тілшімізден

– Қағаз жүзінде балабақша бар. Бірақ нақты орын алу үшін кезекті ұзақ күту керек. Кезек реті келмесе, бала басқа аумақтағы балабақшаға жіберіледі. Ол жер үйден алыс болса, күнделікті қатынау қиын. Кей ата-ананың жұмысы ерте басталады, тасып үлгеру де оңай емес. Сондықтан, көп адам амалсыздан жұмысын кейінге шегереді немесе туыстарының көмегіне сүйенеді, – дейді Қарағанды қаласының тұрғыны Айда-на есімді ана.

Ата-аналардың сөзінше, цифрлық кезек жүйесі енгізілгеннен, оның ашықтығына қатысты сұрақтар әлі де кездеседі. Кейбір тұрғындар кезектің баяу жылжитынын, ал, бос орындар туралы ақпараттың уақытылы шықпайтынын да айтады.

Тағы бір әке жекеменшік сектор мәселесіне тоқталды. Оның пікірінше, мемлекеттік тапсырыс берілген жекеменшік балабақшалардың өзі барлық отбасы үшін қолжетімді емес.

– Жеке балабақша бар. Бірақ, оның бағасы барлық отбасы үшін қолжетімді емес. Әсіресе бірнеше баласы бар отбасылар үшін ай сайынғы төлем ауыр. Кей жерде қосымша төлемдер сұралады. Сондықтан, мемлекеттік балабақшаға кезекте тұруға мәжбүрміз. Бірақ, бұл жүйеде кезек бірден келмейді. Бала өсіп кетеді, ал, ата-ана жұмысқа шығу мәселесін шеше алмай жүреді, – дейді Данияр есімді әке.

Тұрғындардың пікірінше, мәселе тек орын тапшылығымен шектелмейді. Кей аудандарда жаңа тұрғын үйлер саны көбейгенмен, әлеуметтік инфрақұрылым соған сай дамымай тұр. Соның салдарынан бір балабақшаға бірнеше шағынауданнан кезек қалыптасады. Осы орайда мамандар балабақшаға орын алудың тиімді жолын да ұсынады.

Орынды ерте алу мәселесін қалай шешкен дұрыс?

Білім басқармасының мамандары балабақшаға орын алудың бірнеше нақты тәжірибелік тәсілі бар екенін айтады.

Біріншіден, ата-аналар электронды кезек жүйесіне баланы мүмкіндігінше ерте тіркеуі керек. Себебі көптеген балабақшада орын бөлінуі жас ерекшелігі мен тіркелу уақытына тікелей байланысты.

Екіншіден, тек бір балабақшаға ғана емес, бірнеше балама балабақшаға қатар өтініш беру тәжірибесі орын алу мүмкіндігін арттырады.

Үшіншіден, жекеменшік балабақшаларды уақытша кезек ретінде пайдалану мемлекеттік орын босауын күтуде практикалық шешім бола алады.

Төртіншіден, кей жағдайда бала үшін жақын маңдағы ықшамаудандардан балабақша қарастыру да кезектің тезірек жылжуына әсер етеді. Себебі, әр ауданның жүктемесі әртүрлі.

Балабақша кезегі әлі де күн тәртібінде

2025-2026 оқу жылы үшін балабақшалардағы топтарды қалыптастыру науқаны биыл 31 тамызға дейін жалғасады. Қарағанды облысында ваучерлер (балабақшаға жолдама) бөлу кезегі 1 шілдеден басталуы мүмкін.

Өңірде қазіргі таңда мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің саны артап келеді. Алайда, бұл өсім сұраныс қарқынына теңеспей тұр.

Аймақта мектепке дейінгі білім беру жүйесі тек сандарға толы сұранысқа жауап «модель үлгісі» ретінде жұмыс істеп тұр. Ал, басты сұрақ сол күйі жауапсыз қалды. Соған қарағанда биыл да балабақша кезегін «сарғайып» күтетіндердің қатары азаятыны ұқсамайды.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Оқушылардың «ақылды» жылыжайы

Балқаш қаласындағы Әлихан Ермеков атындағы №17 мектеп-лицейінде күн энергиясымен жұмыс істейтін және автоматтандырылған суару жүйесімен жабдықталған заманауи «ақылды» жылыжай іске қосылды. Ерекшелігі – сол жобаның жұмысын оқушылар өздері бақылап, датчиктерді баптап, құрылғыларды құрастыруында. Бүгінде жылыжай қарапайым тәжірибе алаңынан толыққанды STEAM зертханасына айналған.

Салтанат ІЛШИШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Мектептегі жылыжай бұған дейін де жұмыс істегенмен, онда негізін сендік гүлдер өсірілген. Алайда, Балқаш өңіріне тән құрғақ климат пен жаз мезгілінде тұрақты күтімнің болмауы өсімдіктердің ұзақ уақыт бойы қалыпты түлдеуіне кедергі келтірген. Әсіресе, демалыс кезінде мектеп қызметкерлерінің көпшілігі жұмыста болмағандықтан, жылыжайдың тұрақты бақылау қиына соққан.

Жылыжайды жаңғырту идеясы

мектептің Balkhash STEAM Serpini жобасына қатысуынан кейін пайда болды. №17 мектеп-лицейі байқауда үздік шыққан бес білім беру ұйымының қатарына еніп, «Автономды күн электрмен жабдықтау жүйесі және тамшылатып суару элементтері бар Smart-жылыжай» жобасын жүзеге асыруға 1,5 миллион теңге көлемінде грант жеңіп алған.

– Бұл жоба ең алдымен оқушылар үшін ерекше маңызды, өйткені, жылыжай шынайы STEAM зертханасына айналды. Ал, педагогтер үшін заманауи оқу-тәжірибелік алаң, мектеп үшін жаңа форматтағы білім беру кеңістігі. Сон-



дай-ақ, үдерістерді автоматтандыру су мен электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді, – дейді STEM бағытының жетекшісі Валерия Подшивалова.

Грант қаражаты есебінен жылыжайға күн панельдері, фитолампалар және температура көтерілген кезде автоматты түрде ашылатын желдету жүйесі орнатылған. Қазіргі уақытта 200 құмыраға арналған тамшылатып суару жүйесі де іске қосылу сатысында. Жүйенің жұмысын қамтамасыз ету үшін арнайы сорғы алынған. Барлық деректерді жинау, өңдеу және сақтау Raspberry Pi микрокомпьютері арқылы жүзеге асырылады.

Жобаны іске асыруға мұғалімдермен қатар оқушылар да белсенді қатысып келеді. Физика пәнінің мұғалімі Евгения Ким энергетика және қауіпсіздік мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік қолдау көрсетсе, колледж студенті Арсений Подшивалов датчиктерді баптауға көмектесуде.

10-сынып оқушысы Леонид Зайцев құрылғыларды құрастыру және орнату жұмыстарымен айналысады. Жобаның дизайн және визуалдық шешімдерін Каролина Ковальчук әзірлеген. Зерттеу бағытын 8-сынып



БОЛАШАҚ ҰРПАҚ

оқушысы Ксения Оралбекова жүргізіп жүр. – Біз балаларды жылыжай әлемімен бірінші сыныптан бастап таныстырамыз. Олар мұнда экскурсияға келіп тұрады. Қазіргі таңда негізгі жұмысты 9-10-сынып оқушылары атқарып жатыр. Биыл 6-7-сыныптарды да жобаға тартуды жоспарлаудамыз. Алдағы уақытта автоматтандыру деңгейін одан әрі арттырып, түрлі байқауларға қатысуы көзделіп отырмыз, – деді Валерия Подшивалова.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Қауіпсіздік мәдениеті қайтсе қалыптасады?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «12 сәуір – Қазақстандағы ғылым қызметкерлерінің күні» қарсаңында ғалымдарды марапаттау рәсімінде «Заң мен тәртіп» қағидаты қоғам өмірінің барлық саласында қатаң сақталуға тиіс екенін ерекше атап өткен болатын. Өз сөзінде: «Қазақстанда жыл сайын көлік апатының кесірінен, соның ішінде, көп жағдайда жол қозғалысы ережесін өрескел бұзудың салдарынан мыңдаған адам көз жұмады. Бұған жол беруге болмайды. Бұрын елімізде көлік апатының көптігіне жолдың нашарлығын желеу қылатын. Соңғы бірнеше жылда барлық өңірдегі жол инфрақұрылымын ауқымды түрде жаңғыртуды қолға алдық. Бірақ қайғылы оқиға азаймай тұр. Демек, бұл жағдайға Үкімет пен қоғам жіті назар аударуы керек» деген еді. Осы ұстаным аясында Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының прокуратурасы жол қауіпсіздігін арттыру және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында «Үлгілі жүргізуші» атты профилактикалық іс-шараны қолға алды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған іс-шара жол-көлік оқиғаларының алдын алу, халық арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру және жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілік деңгейін арттыруға бағытталған. Осы мақсатта жауапты мамандардан құралған жұмыс тобы әуелі Қарағанды технология және сервис колледжіне барып, студенттермен кездесті. Кездесу барысында жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтау, жолдағы тәртіп пен өзара сыйластықтың маңызы жан-жақты түсіндірілді. Сонымен қатар, мамандар жаяу жүргіншілердің, жолаушылардың және өзге де жол қозғалысына қатысушылардың қауіпсіздігі үшін әрбір азамат жауапты екенін атап өтті. Мамандар студенттерге жолдағы қарапайым сақтық шараларының өзі қайғылы жағдайлардың алдын алуда шешуші рөл атқаратынын нақты мысалдар арқылы жеткізді.

Жол қозғалысы ережелерін сақтау – адам өміріне деген құрмет пен саналы мәдениеттің көрінісі. Мейлі ол жаяу жүргінші, жолаушы немесе жүргізуші болсын, ол өзі үшін ғана емес, айналасындағылардың да қауіпсіздігі үшін жауапты екенін білуі қажет. Жол-көлік оқиғаларының басым бөлігі күрделі техникалық ақаудан



емес, адамның салғырттығынан, асығыстан, ережені елемейін туындайды. Бір сәттік бейкамдықтың өзі орны толмас қайғыға әкелуі мүмкін. Сондықтан, жол үстіндегі әрбір қадам мен әрбір шешім жауапкершілікпен қабылдануы қажет. Әсіресе, жастардың құқықтық мәдениеті мен тәртіпке деген қозғарысы қоғамдағы жалпы жол қауіпсіздігі деңгейіне тікелей

ықпал етеді. Бүгінгі студенттер ертеңгі күні түрлі салада еңбек ететін, қоғамның белсенді мүшелері. Сол себепті, бүгінгі түсіндіру жұмыстары жауапкершілік, тәртіп пен сақтық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Жолдағы қауіпсіздік – әр адамның жеке таңдауы мен ішкі мәдениетіне байланысты. Өз өміріңді де, өзгенің өмірін

де қадірлеу – нағыз азаматтық ұстаным, – делі Қазыбек би аудандық прокуратурасының прокуроры Гүлсара Керімжанова.

Сонымен қатар, арнайы жұмыс тобы «Қарағанды-Астана» тасжолының Теміртау қаласы бағытындағы шығарысында түсіндіру жұмыстарын жалғастырды. Жол бойында көлік жүргізушілерін тоқтатып, оларға жол қауіпсіздігі талаптарын кеңінен түсіндірді. Атап айтқанда, апатты жағдайлардың алдын алу, жылдамдық режимін қатаң сақтау, қауіпсіздік белдігін тағу және адам өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін құқық бұзушылықтарға жол бермеу мәселелеріне ерекше тоқталды.

Жүргізушілер тарапынан жиі еленбей қалатын, сырт көзге ұсақ көрінетін құқық бұзушылықтардың өзі кей жағдайда ауыр салдарға әкелетін жол-көлік оқиғаларының негізгі себептерінің бірі болып отыр. Мәселен, жылдамдықты шамадан тыс асыру, бағдаршам сигнала



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

лын елемей, қауіпсіздік белдігін тақпау немесе көлік жүргізу кезінде ұялы телефонға алаңдау сияқты әрекеттер бір сәттік немқұрайлықтан туындағанымен, олардың соңы орны толмас қайғыға соқтыруы мүмкін. Ақция барысында біз жолда келе жатқан көліктерді тоқтатып, жүргізушілермен жеке түсіндіру жұмыстарын жүргіздік. Әрбіріне жолдағы тәртіптің маңызы, жауапкершілік сезімі және қарапайым ережелерді сақтаудың адам өмірін сақтап қалуға рөлі жан-жақты түсіндірілді. Мұндай профилактикалық шаралардың басты мақсаты – айыппұл салу емес, керісінше, құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамда қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, – делі Гүлсара Серікқызы.

Арнайы жасақталған топтың құрамында қоғам белсендісі Абзал Боран да болды. Осы орайда жол қауіпсіздігін қамтамасыз етудің маңыздылығына тоқталып, өз пікірін білдірді.

Жолдағы қауіпсіздік – әрқайсымыздың саналы таңдауымызға тікелей байланысты. Әрбір жүргізуші рөлге отырған сәтте тек өз өміріне емес, жолаушылардың, жаяу жүргіншілердің және өзге де

жол қозғалысына қатысушылардың аман-длығына да жауапты екенін ұмытпауы керек. Сол себепті, мұқияттылық, тәртіп және жол мәдениетін сақтау – кез келген сапардың басты қағидасына айналуы тиіс. Жылдамдықты шектен тыс асырмау, қауіпсіздік белдігін тағу, көлік жүргізу кезінде алаңдамау адам өмірін сақтап қалатын маңызды сақтық шаралары. Барша азаматты жол ережелерін қатаң сақтауға, жауапкершілікті терең сезінуге және өзгенің өміріне бейжай қарамауға шақырамын. Себебі, әрбір дұрыс қабылданған шешім бір өмірді сақтап қалуы мүмкін, – делі ол.

Жолдағы тәртіп пен жауапкершілік әрбір азаматтың саналы таңдауынан басталады. «Үлгілі жүргізуші» профилактикалық іс-шарасы соның айқын көрінісі іспетті. Ең бастысы, әр сапардың түйіні аман-есен үйге оралу екенін ұмытпауымыз қажет.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Қоғам тірегі

Осакаров ауданында жастардың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған тағылымды шара өтті. «Заң мен тәртіп» идеологиялық ұстанымы аясында ұйымдастырылған квиз-ойынға ауданының белсенді жастары қатысып, заң тақырыбындағы білімдерін сығана салды. Тағымдық әрі тәрбиелік мәні зор іс-шара аудандық мәдени-сауық орталығында өтті.

Болатбек ӘШМҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шара Осакаров ауданы прокуратурасының бастамасымен ұйымдастырылып, оған осы құзырлы органның қызметкерлері, мекеме басшылары, ұстаздар мен жастар қатысты. Квиз-ойынның ашылу салтанатында аудан прокуроры, кіші әділет кеңесшісі Жомарт Сүлейменов сөз сөйлеп, жастар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығына тоқталды. Ол заңға құрметпен қарау – елдің тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі екенін атап өтті.

Іс-шара барысында қатысушылар бірнеше кезең бойынша бақ сынасты. Командалар интернет қауіпсіздігі, кибербуллинг, алаяқтық, адам құқықтары мен заң алдындағы жауапкершілік тақырыптарында түрлі тапсырмалар орындады. Әсіресе, қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – цифрлық қауіпсіздік тақырыбына ерекше назар аударылды.

Алғашқы кезеңде жастарға түрлі өмірлік жағдаяттар ұсынылып, олардың қауіпті немесе қауіпсіз екенін анықтау тапсырылды. Қатысушылар интернет алаяқтары, әлеуметтік желідегі қысым көрсету, жеңіл табыс ұсынатын күмәнді хабарламалар секілді мысалдарды талдап, өз пікірлерін білдірді. Сонымен қатар, нақты жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдарын көрсетуге арналған тапсырмалар да ұйымдастырылды.

Квиздің келесі бөлімдерінде құқықтық сауатқа қатысты сұрақтар қойылып, командалар жылдамдық пен білім деңгейі бойынша сынға түсті. Қатысушылар буллинг, мүліктік жауапкершілік, адам құқығы, заң бұзушылық пен қоғамдағы тәртіп мәселелері жөнінде жауап берді. Бұдан бөлек, құқықтық терминдерді түсіндіру, жасырылған сөздерді табу секілді ойын элементтері шараның мазмұнын байыта түсті.

Ерекше қызығушылық тудыратын кезеңдердің бірі – жағдаяттық талдау бөлімі болды. Мұнда қатысушылар прокурор және адвокат рөлінде түрлі құқықтық жағдайларға баға беріп, өз ұстанымдарын дәлелдеуге тырысты. Кибербуллинг, мектептегі төбелес, бөтеннің мүлкін пайдалану және мүлікке зиян келтіру секілді оқиғалар талқыланды. Бұл кезеңде Осакаров ауданы прокурорының орынбасары Ардақ Омаров жастарға құқықтық түсіндірме беріп, заң талаптарын кеңінен түсіндірді.

Шара барысында көрермендер де белсенділік танытып, қатысушыларға қолдау көрсетті. Сахнада патриоттық әндер шырқалды.

Квиз-ойын соңында барлық қатысушыларға Алғыс хат пен арнайы сыйлық табысталды. Ұйымдастырушылар мұндай танымдық шаралардың алдағы уақытта ауданның өзге ауылдық округтерінде де жалғасатынын атап өтті.

Осындай тәрбиелік мәні зор бастамалар жастардың құқықтық сауатын арттырып қана қоймай, заңға құрметпен қарайтын, жауапкершілігі жоғары азамат қалыптастыруға ықпал етеді. «Заң мен тәртіп» қағидаты әділетті қоғамның берік негізі екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Айта кету керек, бүгінде жастар арасында құқықтық сауаттылықты арттыру – уақыт талабы. Әсіресе, интернет кеңістігіндегі қауіп-қатерлердің көбеюі, алаяқтық пен кибербуллинг фактілерінің жиілеуі жас буынның заңдық білімін күшейтуді қажет етеді. Осындай мазмұнды кездесулер мен танымдық ойындар жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруға жол ашады.

Осакаров ауданы

Қарқаралының қадамы қарқынды

Облыстың агроөнеркәсіптік өңірлері арасында Қарқаралы ауданының дербес ерекшелігі бар. Негізінен мал шаруашылығына басымдық беретін бұл әкімшілік құрылым биылдың алғашқы тоқсанында 5429,6 миллион теңгенің өнімін шығарды. Оның нақты көлем индексі 101,4 пайызды құрады.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Айдын Қасымовтың айтуынша, қазіргі таңда өсімдік шаруашылығын әртарапандыру мақсатында мал азықтық дақылдардың көлемін ұлғайту үшін жұмыс жасалуда екен. Осы көктемде жалпы 42,7 мың гектар алқапқа дәнді және мал азықтық дақылдар тұқымын себу жоспарланыпты. Оның ішінде, 29,3 мың гектар жерге дәнді дақылдар: 17,8 мың гектарға бидай, 8,6 мың гектарға арпа, 2,7 мың гектарға сұлы, 13,4 мың гектар өңірде мал азықтық дақылдар, 5,0 мың гектар жерге бір жылдық, 7,0 мың гектарға көп жылдық шөп және 190 гектар алқапқа бұршақ дақылдары, 1,4 мың гектарға сүрлем, 20 гектарға картоп отырғызылмақ. Аталған көктемгі егіс жұмыстарын атқару үшін ауданға 3520 тонна тұқым қажет көрінеді. Оның негізгі қоры шаруа қожалықтарының өзінен шықса, жетпеген 500 тонна тұқымды облыстың басқа аудандарынан сатып алатын болыпты.

Көктемгі дала жұмыстарына 6 егін шекаші, 111 трактор, 405 тұқым сепкіш құрал және 362 дана басқа да техника қатысады

деп межеленуде. Бұл нақанды серпінді өткізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші 36 құрылым 683,5 тонна дизель отынын алуға өтініш берді. Қожалықтардың қаржылық жағдайы әртүрлі. Осы себепті, 5 шаруашылық құрылымы аграрлық несие корпорациясы арқылы «Кең дала» бағдарламасы бойынша көктемгі дала жұмыстарына қажетті несие алыпты.

Қарқаралы өңірінің климаттық жағдайына қарай дәнді дақылдардың тұқымын жер қойнына сіңіру мамыр айының 15-25 аралығында жүргізілсе, мал азығы дақылдарын егу айдың соңғы аптасында атқарылмақ.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Қарқаралыда мал шаруашылығы басым дамыған. Жылдың екінші тоқсанының басында аудандағы мал саны төмендегі көрсеткішті құраған: жылқы – 119,6 мың (өткен жылмен салыстырғанда 110,4 пайыз); ірі қара 126,8 мың (өткен жылмен салыстырғанда 98,1 пайыз); қой-ешкі 188,6 мың (өткен жылмен салыстырғанда 97,8 пайыз); құс 37,2 мың (өткен жылмен салыстырғанда 85,4 пайыз) бас.

Шаруа қожалықтары жылдың алғашқы тоқсанында қоғам игілігі үшін төмендегідей мал өнімдерін өндіріп, тұтынушыларға ұсынды:



ет (тірі салмақта) 2266,2 мың тонна (өткен жылмен салыстырғанда 103,5 пайыз); сүт 3160,9 мың тонна (өткен жылмен салыстырғанда 98,4 пайыз); жұмыртқа 797,7 мың дана (өткен жылмен салыстырғанда 97,3 пайыз).

Ауданның аграрлық саласына биылғы жылдың I тоқсанында 1,2 миллиард теңге көлемінде инвестиция тартылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жыл соңына дейін осы жалғасын таппақшы. Ауыл шаруашылығына инвестиция тарту саланың дамуына ықпал етіп қана қоймай, бұл бағытта жаңа мүмкіндіктер ашылуына да зор ықпалын тигізеді. Атап айтқанда, ағымдағы жылы Қарқаралыда үш инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Оның алғашқысы – бордақылау алаңын ашу, екіншісі – мал сою пунктін және ет өңдеу цехын іске қосу, үшіншісі – тері өңдеу цехын ашу. Бірінші жоба бойынша

Шарықты ауылдық округінің «Мұстафин Ақбай» шаруа қожалығы ет бағытындағы мал шаруашылығы кәсіпорнын құру және бордақылау алаңын 1000 басқа дейін кеңейтуді қолға алды. Мұнда қазір мал бордақылау алаңының құрылысы жүруде. Кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы арқылы бордақылау алаңына және ет өңдеу цехына ұзындығы 6 шақырым болатын электр желісін тарту мәселесі облыстық үйлестіру кеңесінде қарастырылып, кеңес мүшелері тарапынан қолдау тапты.

Екінші жобада Қарқаралы қаласында мал сою алаңын және ет өңдеу цехын ашу көзделген. Оны іске асырушы – «Жасыл жиек» ЖШС. Күніне 25 бас мал союға қуаты жететін цех жыл ішінде 1000 тонна ет өндіремекші.

Үшінші жобаға сай Қарқаралы қаласында сыыр мен жылқы терісін тереңдетіп өңдеу бойын-



ӨҢІРЛЕРДІ ДАМУ

Шара барысында көрермендер де белсенділік танытып, қатысушыларға қолдау көрсетті. Сахнада патриоттық әндер шырқалды.

Квиз-ойын соңында барлық қатысушыларға Алғыс хат пен арнайы сыйлық табысталды. Ұйымдастырушылар мұндай танымдық шаралардың алдағы уақытта ауданның өзге ауылдық округтерінде де жалғасатынын атап өтті.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Туристер үшін тартымды өңір

Қарағанды облысында туристік инфрақұрылымды дамыту, көлік қолжетімділігін арттыру және сервисті жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Аймақта Балқаш пен Қарқаралы сияқты бірегей туристік аймақтарды дамыту арқылы туризмді экономиканың маңызды драйверіне айналдыру көзделіп отыр.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Өңірде кешенді дайындық

Қарағанды облысы 2026 жылғы жазғы туристік маусымға кешенді түрде дайындық жүргізіп жатыр. Өңірде көлік қолжетімділігін арттыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, қауіпсіздікті күшейту, сервисті жақсарту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынған.

– 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қарағанды облысы еліміздегі ең көп турист қабылдайтын ТОП-5 өңірдің қатарына енді. Облыстың негізгі туристік бағыттары ретінде Балқаш пен Қарқаралы курорттық аймақтары айқындалған. Әрбір қала мен ауданда туристерді тартатын демалыс орындарын дамытуға ерекше назар аударылып отыр. Туризмді дамыту жөніндегі облыстық Жол картасы бекітіліп, барлық жұмыстарды үйлестіру үшін жедел штаб құрылған. Туристер үшін қолжетімділікті арттыру мақсатында Балқаш әуежайын толық жаңғырту жұмыстары аяқталды, қазіргі уақытта арнайы техника сатып алынууда. Маусым мен тамыз аралығында «Астана-Балқаш-Астана» және «Алматы-Балқаш-Алматы» бағыттары бойынша әуе рейстері іске қосылады. Болашақта Шымкент пен Жезқазған бағыттарына да рейстер ашу жоспарланған. 6 вагоннан тұратын қосымша «Қарағанды-Балқаш» пойызы қатынайды. Төрт жолаушылар платформасы жаңартылып, он теміржол вокзалын модернизациялау аяқталуға жақын. Туристік нысандарға апаратын автомобиль жолдары да жөнделуде, – деді облыстық туризм басқармасының басшысы Ирина Любарская.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту жұмыстары да қарқынды жүріп жатыр. Балқаш қаласынан Торанғалыкентіне дейін магистральдық су құбыры тартылууда. Балқаш қалалық жағажайының жағалау аймағы абаттандырылып, Қарқаралы ауданындағы «Бұғылы» демалыс аймағында инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салынууда. Байланыс сапасын жақсарту үшін Балқаш бағытына 16 антенна-дінгек құрылысы мен бір базалық станция, ал, Қарқаралы ауданында екі антенна-дінгек орнатылады. Жол бойындағы сервисті дамытуға да ерекше көңіл бөлінуде. Биыл 11 жаңа жанармай құю станциясы салынады. Оның бірі – «Газ-энерджи» жанармай бекеті Балқашта 26 акпанда пайдалануға берілді. Бұл туристік маусымда жанар-жағармай тапшылығы қауіпін төмендетеді. «Қарағанды-Балқаш» бағытында төрт электрлі көлікке арналған қуаттау станциясы орнатылған. Бес санитарлық-гигиеналық тораптың үшеуі пайдалануға беріліп, бизнеске жол бойындағы инфрақұрылым нысандарын салу үшін алты жер телімі ұсынылған.

Туристік полиция құрылды

Жаз мезгілінде туристер санының артуына байланысты қауіпсіздік шаралары күшейтілуде. Балқаш, Қарағанды, Приозерск қалаларында, Абай, Нұра және



Бұқар жырау ауданында коммуналдық жағажайлар стандарттарға сәйкес абаттандырылууда. Қоғамдық тәртіпті сақтау үшін туристік полиция құрылды. Мамыр айының соңына дейін жағалау аймақтарына қосымша 102 бейнебақылау камерасы орнатылады. Медициналық және құтқару қызметтері де күшейтілуде. Торанғалық және Шұбартүбек елді мекендерінде тәулік бойы жұмыс істейтін екі жедел жәрдем бекеті ашылды. Демалыс орындарын медициналық қызметкерлермен қамтамасыз ету үшін 14 маман тартылды. Балқашта екі капсулалық-модельдік құтқару станциясы орнатылып, қолданыстағы құтқару бекеті жөнделуде. 70 қоғамдық құтқарушы тегін оқытылып, даярланады.

Мониторингтік топтар облыстағы 149 жаппай демалыс орнын тексеруде. Қазіргі таңда 83 нысан санитарлық-эпидемиологиялық қорытынды алып, туристерді қабылдауға дайын. Бизнес өкілдерімен жағажай инфрақұрылымының стандарттарын енгізу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қауіпсіздік, санитарлық талаптар және жайлы жағдай жасау негізгі басымдық ретінде белгіленген. Туристер үшін көлік, навигация, қауіпсіздік және демалысты қамтитын бірінші сервистік маршрут қалыптастырылууда. Биыл Балқаш қаласында және Қарағандының орталық саябағында екі визит-орталық ашылады. Теміржол вокзалдары мен әуежайларда ақпараттық орталықтар жұмыс істейді. Туризмді цифрландыру аясында Kaspi Travel сервисіне төрт кәсіпкер қосылып, тағы 32 нысан қосылу үстінде. Туристік көліктерді автоматты есептеу жүйесі енгізіліп, туристік нысандар Яндекс, Google және 2GIS карталарына енгізілуде.

– Өңірдің туристік әлеуетін ілгерілету мақсатында жазғы маусымға арналған бірінші мәдени іс-шаралар бағдарламасы әзірленді. Балқаш көлінің жағасында өтетін Balkhash Tour Fest фестивалі биыл төртінші рет ұйымдастырылып, 19-20 маусым күндеріне жоспарланған. Фестиваль республикалық деңгейдегі маңызды туристік оқиғаға айналып, маусым бойы қыркүйекке дейін жалғасатын мәдени бағдарламалардың бастамасы болады. «Бай қымыз – Қарқаралы», «Ұлы дала құпиялары – Талды», «Саяхатқа шабыт беретін Қарағанды» фестивалдері өтеді, – деді Ирина Любарская.

Жыл бойғы туризмді дамыту және инвестиция тарту бағытында да нақты жобалар іске асырылууда. «Balkhash» өңірлік индустриялық аймағы құрылып, инвестициялық жобалармен толықтырылууда. «Сарыарқа» әлеуметтік кәсіпкерлер корпорациясымен бірлесіп, жалпы құны 4,1

млрд теңге болатын екі қонақүй салынууда. Балқаш пен Қарқаралы аумақтарын «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағына енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Қарқаралы ұлттық табиғи паркі аумағында алты кәсіпкерге 20-25 жылға ұзақ мерзімді жалға жер телімдері беріліп, бұл



жобалар аясында 1,3 млрд теңге инвестиция тарту көзделуде. 2026 жылы туризм саласында 16 жоба жүзеге асырылмақ. Өңірге келетін туристер саны 600 мың адамға жетеді деп күтілуде, оның ішінде, 40 мыңға жуығы шетелдік қонақтар болады. Қытайдан келетін туристер саны 900 адамға өсіп, 4,5 мыңнан асты.

Табыс молайып, инвестиция артады

Болашақ бойынша, туристік қызметтен түсетін табыс 12 млрд теңгені, ал, тартылатын инвестициялардың жалпы көлемі 35 млрд теңгені құрайды. Жүргізіліп жатқан барлық шаралар Қарағанды облысында заманауи, қауіпсіз және жайлы туристік орта қалыптастыруға бағытталған. Бұл өз кезегінде өңірдің туристік тартымдылығын арттырып қана қоймай, экономиканың дамуына және жаңа жұмыс орындарының ашылуына да оң әсер етеді.

Өңірдің туристік әлеуетін жүйелі түрде ілгерілетуде Visit Karaganda туристік ақпараттық орталығы маңызды рөл атқарады. Орталықтың негізгі мақсаты – ішкі және келу туризмін дамыту, туристік ағынды қалыптастыру және Қарағанды облысының табиғи, тарихи-мәдени және индустриялық мүмкіндіктерін кеңінен таныту. Бұл бағыттағы жұмыстар Балқаш

пен Қарқаралыда жыл бойы туризмді дамытуға негіз қалап, маусымдық демалыс моделінен тұрақты төрт мезгілдік туризмге көшуге жол ашады. Осы мақсатта қысқы туризмді дамытуға арналған «Balkhash Winter Fest» жобасын іске асыру ұсынылууда.

– Цифрландыру бағытында туристер үшін ақпараттық қолжетімділігін арттыруға арналған бірқатар заманауи құралдар енгізілді. Атап айтқанда, жасанды интеллект негізіндегі ChatAI чат-ассистенті, Visit Karaganda туристік порталы, «Қарағанды-Балқаш» тасжолындағы LED-экрандардағы ақпараттық материалдар және халыққа қызмет көрсету орталығында орналасқан интерактивті терминал жұмыс істейді. Freedom Travel платформасымен туристік өнімдерді біріктіру және өңірді жаңа туристік бағыт ретінде таныту жұмыстары жүргізілуде. 2025 жылы туроператорлар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және тревел-блогерлердің қатысуымен төрт ақпараттық тур ұйымдастырылды. Олар Қарқаралының күзгі және қысқы маусымын, сондай-ақ, «Индустриалды Қарағанды» бағытын қамтыды. Туроператорлар мен жергілікті қонақүйлер және демалыс орындары арасында ті-



Өңірге деген қызығушылықты нақты туристік ағынға айналдыру мақсатында әлеуметтік желілердегі жарияланымдардың статистикасы мен аудитория географиясы талдануда. Бұл деректер TripAdvisor және Booking.com халықаралық платформаларында мақсатты цифрлық жарнама ны іске қосуға пайдаланылмақ.

Кадрлық әлеуетті дамытуға да ерекше назар аударылууда. Өткен жылы гилтерге арналған оқыту семинары өткізіліп, экскурсиялық қызмет сапасын арттыруға бағытталған кәсіби қауымдастық қалыптасты. Алғаш рет Қарағанды облысында гилтердің ресми тізілімі жасақталды.

Туристік нысандар дамиды

Қарағанды облысы арқылы өтетін транзиттік ағынды өңір экономикасына тарту мақсатында жол бойындағы туристік нысандарды дамыту қолға алынуда. Пилоттық жоба ретінде Бектау-Ата табиғи массиві маңында туристік тартымды нүкте құру ұсынылды. Шабанбай би, Өспен ауылдары мен Шұнақ кратері болашақтағы туристік өсу нүктелері ретінде қарастырылууда. Kazakh Tourism ұлттық компаниясымен бірлесіп «Сапа белгісі» жүйесі енгізілуде. Бұл бастама қызмет көрсету стандарттарын арттыруға, туристердің сенімін нығайтуға және сапалы туристік нысандарды айқындауға бағытталған. 2026 жылы туризмді дамытуға арналған жаңа іс-шаралар легі жоспарланған. Олардың қатарында «TurStart 2026» көрмесі, «Талды Fest» аясындағы атпен саяхат туры, «Қарқаралы – 2026» туристік слеті, дроншылар фестивалі, Шет ауданындағы джип-тур, Абай ауданындағы Топар демалыс аймағына бір күндік сапарлар, Дүниежүзілік туризм күніне арналған «Saryarka Open Air: Туризм күні» фестивалі.

Инфрақұрылым туристік мүмкіндіктерді қалыптастырса, Visit Karaganda орталығы сол мүмкіндіктерді нақты туристік ағынға айналдыруға жұмыс істеп келеді. Бұл бағыттағы жүйелі шаралар Қарағанды облысының туристік тартымдылығын арттырып, өңір экономикасының дамуына және халықаралық деңгейде танылуына жаңа серпін береді.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• ГАСТРОФЕСТИВАЛЬ

Қымыз думанына айналады

Облыста алғаш рет ұлттық сусынға арналған ауқымды «BaiQymyz» өңіраралық гастрофестивалі өтпек. 6 маусымда Қарқаралы төрінде ұйымдастырылатын этнофестивальге еліміздің бірнеше өңірінен қымыз өндірушілері жиналып, «Үздік қымыз» атағы үшін бақ сынады. Жалпы жұлде қоры 10 миллион теңгені құрайтын шара қазақтың ұлттық мәдениеті мен этнотуризмін ұштастырған ерекше мерекеге айналмақ. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі мәлімдеді.

Қымыздың аңқыған хош иісі мен домбыраның күмбірі қатар өрілетін думанды кеште қазақтың гасырлар бойы жалғасқан салт-дәстүрі, ұлттық тағам мәдениеті мен жылқы шаруашылығының терең тарихы кеңінен насихатталмақ. Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестивалдің басты мақсаты – қымызды тек ұлттық сусын ретінде ғана емес, қазақ дүниетанымының, көшпелі өркениеттің ажырамас бөлігі ретінде таныту.

Фестивальге Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Абай және Ұлытау облыстарынан, сондай-ақ Қарағанды өңірінің барлық ауданынан 30-ға жуық қымыз өндіруші қатысады деп жоспарланып отыр. Әр өңір өзіне тән қымыз дайындау ерекшелігін, сақталған дәстүрі мен дәмдік айырмашылығын таныстырады. Қонақтар ұлттық сусыннан дәм татып қана қоймай, атадан балаға жеткен тағлымды мәдени-

еттің атмосферасын сезіне алады.

Шараның ең тартысты бөлігі – «Үздік қымыз» байқауы болмақ. Қатысушылар отбасылық құпиямен сақталған, өңірлік ерекшелікке негізделген қымыз түрлерін ұсынады. Сарапшылар сусынның сапасына, дайындалу тәсіліне, дәмдік ерекшелігіне және ұлттық дәстүрдің сақталуына назар аударады. Байқау жеңімпаздары бірнеше номинация бойынша анықталады. Үш негізгі жұлделі орыннан бөлек, арнайы аталымдар да қарастырылған. Жалпы жұлде қоры – 10 миллион теңге.

«BaiQymyz» фестивалі – тек гастрономиялық шара емес. Бұл – ұлттық қолтық жаңғыртуға бағытталған мәдени алаң. Мұнда қазақ халқының тұрмысындағы жылқының орны, бие байлау мен қымыз ашыту дәстүрі, көшпелі мәдениеттің ерекшелігі кеңінен дәріптеледі. Ұйымдастырушылардың айтуынша, фестиваль



ауыл туризмі мен агротуризмді дамытуға да серпін бермек.

Қарқаралыдағы этнофестиваль ая-

сында жылқы тұқымдарының көрмесі, ат өзбездерінің экспозициясы, қолөнер шеберлерінің бұйымдары мен Қараған-

ды облысы суретшілерінің туындылары қойылады. Ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, ұлттық нақыштағы көрме алаңдары жасқалады. Сонымен бірге, ұлттық ойындар ұйымдастырылып, мәдени-спорттық бағдарламалар өтеді. Кешкісін қазақстандық эстрада жұлдыздарының қатысуымен мерекелік концерт жоспарланған.

Айта кету керек, «BaiQymyz» фестивалі өткен жылы алғаш рет Астанада ұйымдастырылып, үлкен қызығушылық тудырған еді. Сол кезде шараға 70 мыңға жуық адам қатысып, қонақтарға 30 тонна қымыз ұсынылған. Бұл көрсеткіш Қазақстан рекордтар кітабына енді. Фестивальді әлемнің 15-тен астам елінің журналистері арнайы бақылап, қазақтың ұлттық сусының халықаралық деңгейде кеңінен насихаттады.

Енді сол игі бастама Арқаның көрікті мекені – Қарқаралыда жалғасын таппақ. Табиғаты тамылжыған, тарихы терең өлкеде өтетін думанды мереке ұлттық мәдениеттің мәртебесін көтеріп қана қоймай, өңір туризмнің жаңа тынысын ашуға да ықпал етпек.

Өз тілшімізден Суретті түсірген Ерболғат ШАДРАХОВ

• ХАЛЫҚ ӘРТИСІ НҰҒЫМАН ӘБИШЕВТИҢ ТУҒАНЫНА – 120 ЖЫЛ

Әнші еді алты Алашқа аты мәлім

Қазақ әншілік өнерінің үлкен бір мектебі Шығыс Сарыарқа – Қарқаралы-Қу өңіріне шоғырланғаны белгілі. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы Кемпірбай, Айтбай, Мәди, Ғаббас Айтбаев, Қали Байжанов, Қуан Лекеров, Жүсіпбек Елебеков, Мұрат Толыбаев, Нұғман Әбішев, Мағауия Көшкімбаев, Рахия Қойшыбаева, Мәжит Шалқаров тәрізді дүлдүлдерден бастап, кейінгі Баймұқаш Қалабаев, Нұрғали Найманбаев, олардың өкшесін басқан Мейірхан Адамбеков, Мақпал Жүнісова, Гүлбаршын Тергеубекова, т.б., біртұар өнерпаздардың есімін тізе беруге біраз уақыт шығын болары даусыз. Бүгін осы топтың жуан ортасындағы тұлға, көмейіне бұлбұл ұялаған әнші, жарық дүние есігін ашқанына биыл 120 жыл толған Нұғман Әбішевке тоқталмақпыз.



басқарған екен. Әрине, тізгіні жат жұрттың қолында болған елде материалдық байлыққа ие және айналасына ықпалы жүретін жандар ғана билікке келеді. Әңгімемізге арқау болған Нұғман Әбішев пен Егіндібұлақ өңіріндегі туыстары сол Есебайдың інісі Бәрменнің ұрпақтары көрінеді. Еуразияны қанға бөктірген төңкерістер нәтижесінде отаршыл Ресей патшалығының орнына қан шеңгелден келген қызыл империяның озбырлығы аталарынан да асып түсті. Коммунистік-фашистік идеологиямен қаруланған қызыл империяның адамға, оның ішінде Ресей жаулап алған саны аз ұлттарға деген өшпенділігі санаға сыймайтын деңгейге жетті. Жалған ұрандар мен өтірік уәделердің арқасында билікке ие болғаннан кейін коммунистер дербес ой-пікірі бар тұлғаларды ғана саяси қуғын-сүргінге салумен шектелмей, байлар мен әлді шаруалардың, олардың әулеттерінің мал-мүлкіні тәркілеп, өздерін туған жерінен, елінен аластайды. Бірнеше ұрпақ бойы мәйегі үзілмеген Есебай – Бәрменнің немере-шөберелері де осындай нәубетке ұшырайды.

– Әбіштен үш ұл – Мұхамеджан, Мәтелі, Нұғман тарайды. Бабамыздың кішісі болғандықтан біз әнші атаны «Кенжеата» дейтіміз. Жаксылар бір-бірімен құда болуға тырысады ғой. Едірейде болыс болған Айғожаңың Жаныс деген баласы – жездеміз. Бір апамызды Ақайдың Қасенінің Сейіт деген ұлы алған. 1928 жылы астық салығы басталған сәтте Ақайдың Қасенінің ақылмен Мәтелі өрен-жаранымен ішкі Ресейге ауа көшіп, Барнауылға барып табан тірейді. Аштық нәубеті өткен соң ғана Қазақстанға, Семей облысының Жарма ауданына келеді. Мен есімді білгелі сонда тұрдық, Егіндібұлаққа 1958 жылы көштік. Тәттібеттің немересі, Мұсатайдың Шайқысы Аяғәзді қоныс етіпті. Жерлестік және туыстық байланысы болғандықтан, ата-анамыз ол әулетпен ұдайы қарым-қатынас жасап тұрды.

Тақырыпқа оралсақ, Нұғман атам жайлары, қонақжай, өте мейірімді адам еді. Дауысы – лирикалық тенор. Ол кісі лирикалық әндерді орындайтын. «Қанапия» деген әнді Әміреден үйреніпті. Жүсекеннің өзі: – Ақанның «Майда қонырын» Нұғманнан артық айтатын әнші жоқ. Бұл – Нұғманның әні, – деп отыратын. Кенжеатам Қазақ радиосының музыкалық редакциясын басқарған Мақсұтбек Майшекин, радиода басшылық қызмет еткен Хамит Хасеновпен, күйші Әбікен Хасеновпен, композитор Садық Кәрімбаевпен жақсы араласты. Алматыға оқуға, қыдырып барған Қудың адамдары Кенжеатамның үйіне түсетін. Шайқы ақсақал да сол шаңыраққа ат басын тірейтін. Қарияны сол үйде бірнеше рет көрдім, – дейді Сұлтан Мәтелин ағамыз.

1934 жылы өткен Бүкілқазақстандық өнер байқауында Сәкеннің «Тау ішінде» әнін орындаған Нұғман Әбішев қара үзіп бәйге алады. Байқаудың төрағасы Сәкен Сейфуллин қатты ұнатып, әнді екі рет шырқатады. Сөз реті келгенде айту керек, олар жақсы достық, шығармашылық байланыста болған екен. Соның бір айғағы – Нұғман тұңғыш ұлынан кейін туған қызына Сәкеннің жары Гүл-

табы қалған кадрлі жәдігер ретінде сақтап отырған Сұлтан ағамыз. Туған-туыстарының Нұғман атасына берген мінездемесін әр жылдары білім соңына түсіп, Алматыға барған Егіндібұлақ өңірінің біраз азаматтары түгелдей мақұлдайды. – Алматының полиграфиялық баспа техникумында оқыған кезімде екі жыл Нұғман ағамыздың үйінде жаттым. Кешегі байдың баласы дейтін емес, өзі де, бәйбішесі де өте қарапайым адамдар. Қосман деген үлкен ұлы, одан соң Гүлбаһар атты қызы, Қадыр есімді кіші ұлы бар еді. Қадырды өзіммен бірге Егіндібұлаққа, Мәтелиндердің үйіне алып келгенім есімде, – дейді қазір Қарағанды қаласында тұратын зейнеткер қария Сиязбек Рахымов. Жоғарыда айтқанымыздай, қазақ музыка өнерінің тарихында дара орны бар тамаша әнші, Қазақстанның Халық әртісі Нұғ-



баһрамның есімін беріпті. Қазақ мәдениетінде дербес орны бар тау тұлғалармен қатар жүріп, ұлттық өнердің өркендеуіне сүбелі үлес қосқан Нұғман Әбішев – қазақ балық аспаптар оркестрі (қазіргі Құрманғазы атындағы Қазақтың мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестрі) құрылған кезде осы ұжыммен алғаш рет ән шырқаған әртіс. Қазақ филармониясы ұйымдасқан сәттен бастап, оның құрамына алынған Нұғман гастролялық сапармен қазақ елінің барлық өңірін аралады. Тіпті, Жамал Омарова, Фатима Балғабая, тағы басқа да өнер тарландарымен бірге Монғолия елінде болып, Ю.Целенбалдын қолынан сый-сияпат иеленіпті.

Ерекше дарыны болғанына қарамастан, коммунистік идеологиямен ой-санасы уланған тоталитарлық жүйе көптеген хас талантты тұлғаларымызды жойып жібергені аян. Бай баласы Нұғман зұлмындық империясының ажал машинасынан аман қалғанымен, кей жерде адымы тұсалып, өнеріне тиесілі атақ, марапаттан қағылған сәттері бар. Мысалы, Қазақстан мәдениетінің 1936 жылы Мәскеуде өткен онкүндігіне жолдама алып, пойызға отырған жерінен НКВД қызметкерлері қолына кісен салып, ұстап әкетеді. Ішкі істер бөлімшесіне апарып, бірер сағат тергегеннен кейін жазықсыз адамды босатып жібереді, әрине. Бірақ, Алматыдан сыртқа шығуына тыйым салынады. Орда бұзар отыз жасында Одақ сахнасына шығу жолы кесілген Нұғман НКВД кеңсесінен шығып, үйіне чөмоданын қалдырады да бірден мұңдасатын ағасы Әбікенге тұрады. Бұл кіріп келген бетте аң-таң болған күйші: «Сенің мына жүрісің не? Мәскеуге кетпеп пе едің?» – дейді. Нұғман сол жерде жылап жіберіпті. «Қой! Жасыңды тый! Мен сені көшімнің бір жақсысы ма деп жүрсем, жаманы екенсің ғой. Сенің қадамыңа тұсау болған әкенің қара қойы ғой, сары көшім. Жарайды, қапа болма! Мына жұрт жаю жүргенде сен атқа мініп жүргенсің. Дүние – кезек. Әлі мұның бәрі ұмытылып, сенің де күнін туатын уақыт болады», – деп, бір жағынан жұбатып, екінші жағынан қайрап, Тәттібеттің «Сарыжайлауынан» бастап бірнеше күйін тартып береді. Інісінің көңілін біржолата жұбатпақ болып, «Енді Ақан серінің «Майда қонырын» шырқап жібер!» – дейді домбырасын ұсы-

Одақ көлемінде Нұғман атамның Қазақстан мәдениеті мен өнерінің 1958 жылы Мәскеуде өткен онкүндігінен кейін ғана жазып сөз естиді: «Известия» газеті арнайы ақпарат жариялаған көрінеді. Қырық жылға жуық Қазақ филармониясы мен «Қазақконцерт» өнер бірлестігінде әншілік қызмет атқарып, республиканың түпкір-түпкірін аралап, өнер көрсеткеніне қарамастан, бабасы болса, әкесі бай болғандықтан, жасы егде тартқанша Нұғманның әндері радиодан берілгенімен, өзі өнер шебері ретінде көрсетіліп насихатталмады, атақ-дәрежеге, мемлекеттік марапаттарға ұсынылған да тізімінен есім-сойы сызылып тасталады. Жасы алпыстан асқанда ғана Қазақ КСР-і Халық әртісі атағын иеленіп, «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған екен. Сұлтан Мәтелин ағамыздың айтуынша, бұған сол кезде республика мәдениет министрінің орынбасары қызметін атқарған Озбекәлі Жәніпбек ықпал етіпті. Нұғманның Қамар Хасенов есімді шебер жасаған домбырасын қазір де Кенже атасының қолының

ман Әбішевтің туғанына 120 жыл толып отыр. Сондықтан, осы күнге дейін кіндік қаны тамған өңірде еске алу шарасы өтпеген тұлғаның есімін жаңғыртуды Қарағанды облысының мәдениет басқармасы және Қарқаралы ауданының мәдениет бөлімі биыл атқарылатын жұмыс бағдарламаларына жеке тақырып етіп енгізсе деген назымыз бар. СҮРЕТТЕРДЕ: Нұғман Әбішевтің «Қазақ КСР-інің Халық әртісі» атағын алған кездегі суреті; Әбішевтер отбасы (артқы қатарда тұрғандар, солдан оңға қарай: қызы Гүлбаһар, Қосманның қызы Галия, үлкен ұлы Қосман, есімі белгісіз туысы, туысы Хамзе Мәтелин, Қосманның қызы Зура, зайыбы Мәкеш, Қосманның кіші қызы Гауһар, Нұғман атының өзі, алдында отырған жиені – Гүлбаһрамның қызы Динара, кіші ұлы Қадыр, Қосманның әйелі Нұрия); әнші Нұғман Әбішев қатысқан концерттің афишасы.

Суреттер әулеттің жеке архивінен



• ІШТЕ ПІКІР ӨЛГЕНШЕ...

Оқу бар да, тоқу бар

Адамзат тарихында әр дәуір өз құндылықтарымен ерекшеленді. Бір кезеңде қылыш пен найза өркенінің белгісі болса, кейін қалам мен кітап адамзат дамуының басты құралына айналды. Бүгінгі күні технология мен цифрлы ақпараттың үстемдігі байқалғанымен, адамзаттың рухани тірегі өзгерген жоқ. Ол – кітап. Бірақ, қазіргі қоғамда, әсіресе, жастар арасында кітаптың маңызы әлсіреп бара жатқандай әсер қалдырады. «Бұл – жай ғана мәдени өзгеріс пе, әлде болашаққа әсер ететін үлкен рухани мәселе ме?» деген ой еріксіз толғандырады.

Негізі, бұл – қоғам алдында тұрған маңызды сұрақтың бірі. Қазақстандағы әлеуметтік зерттеулер кітап оқу мәдениеті толық жойылмағанын көрсетеді. Ұлттық сауалнамалар бойынша ел тұрғындарының шамамен 57 пайызы кітап оқитынын айтады. Әйткенмен, олардың көпшілігі жылына бірнеше кітаптан ғана шектеледі. Сонымен қатар, кітап оқымаудың негізгі себептері ретінде уақыт тапшылығы мен қызығушылықтың төмендеуі көрсетілген. Бұл деректер қоғамда оқу мәдениеті бар екенін дәлелдесе де, оның тұрақты дағдыға айналмағанын байқатады. Жастар арасында жүргізілген зерттеулер де осы үрдісті растайды. Қазақстандық жастардың басым бөлігі кітапты оқу бағдарламасының міндеті ретінде қабылдайды. Жеке қызығушылық үшін кітап оқытындар бар, дегенмен, олардың үлесі төмендеу. Орташа есеппен жастар жылына 10-12 кітап оқитыны анықталғанымен, олардың көпшілігі бұл әрекетті білім алу қажеттілігімен байланыстырады. Қазақстан жастарының сауаттылық деңгейі әлемдегі ең жоғары көрсеткіштердің бірі – 99 пайыздан жоғары. Бұл білім беру жүйесінің нәтижесі ретінде бағаланады. Бірақ, сауаттылық пен оқу мәдениеті әрдайым бір ұғым емес. Ашық деректердегі кейбір ғылыми зерттеулер студенттердің бір бөлігі соңғы жылдары қағаз кітап оқуға уақыт бөлмейтінін көрсетеді.

Қазіргі жастардың кітапқа қызығушылығының төмендеуіне әсер ететін негізгі фактордың бірі – цифрлы технологиялардың дамуы. Әлеуметтік желілер мен қысқа бейнеформаттар ақпаратты тез қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай ақпарат көбіне терең ойлануды талап етпейді. Деректер цифрлық контентті шамадан тыс көп болуы адамның ұзақ мәтінді қабылдау қабілетіне әсер ететінін айтады. Тағы бір маңызды себеп – уақыт тапшылығы. Қазіргі жастар оқу, жұмыс және әлеуметтік өмір арасында уақыт бөлісуге мәжбүр. Осындай жағдайда кітап оқу көбіне кейінге қалдырылады. Кей зерттеулерде Қазақстан тұрғындарының кітап сатып алуға жұмсайтын қаржысы төмен екені көрсетілген. Сонымен қатар, оқу мәдениетінің қала мен ауыл арасындағы айырмашылығы да байқалады. Оқу белсенділігі көбіне ірі қалаларда жоғары дейді. Бұл білім мен мәдени ресурстардың тең бөлінбеуі мәселесін көрсетеді.

Қазақстанда оқу мәдениетін дамыту бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылып жатыр. Қоғамдық кітапханалар жаңғыртылып, электронды кітап жобалары дамуда. Дегенмен, кітап мәселесі тек мәдени негез емес білім беру саласына қатысты мәселе емес. Бұл – қоғамның интеллектуалдық болашағына әсер ететін фактор. Егер жастар кітап оқудан алыстаса, олар ақпаратты қабылдау мүмкін, бірақ, оны талдау қабілеті әлсіреуі ықтимал. Ал, ойлау мәдениеті әлсіреген қоғамда жалған ақпарат пен үстірт көзқарас көбейеді.

Жансая ҚОПАБАЕВА

• ҚҰРМЕТ

Ұстаз есімі ұлықталды

Отан қорғаушылар күнінде осының алдында екі күн бұрын жүзге толған ұлағатты ұстаз, марқұм Хисамиден Ысқақовтың есімі ұлықталып, өзі ұзақ жылдар еңбек етіп, басшы болған Үміткер орта мектебінің іргесіне Бұқар жырау ауданы әкімдігінің қолдауымен мемориалдық тақта орнатылып, оның ашылу салтанаты өтті.

ERJAN ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Дәл сол күні Хисекеннің жұбайы, ұрпақтарының ортасында бауат құмыр кешіп жатқан Батыр Ана Гәділбану Азнабаеваның да ғасыр жасаған мерейтойы еді. Соған байланысты шара басталмас бұрын Бұқар жырау ауданының әкімі Ерлан Құсайын мен аудандық мәслихаттың төрағасы Асхат Әли және аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Исабаев, аудандық әкімдіктің бөлім басшылары Мейіран Қали, Гүлжан Әбжанова, Абылай Жәлелов Ысқақовтардың құтты шаңырағына арнайы барып, мерейтой иесін құттықтап, гүл шоқтары мен сый-сияпаттарын тапсырды. Гәділбану анамыз да осы мектепте математика пәнінен сабақ беріп, одан соң көп жыл кітапханашы болған.

Бұдан кейін іргетасы 1974 жылы салынып, пайдалануға берілген екі қабатты мектеп үйінің алдында өткен салтанаттың шымдылығын жергілікті ақын-сазгер Жұмағали Елжанов арнау өлеңмен ашып, Хисамиден

Ысқақұлының өмірі мен еңбек жолы туралы шәкірті әрі өзімен бірге еңбек еткен жақын інісі, Бұқар жырау ауданының Құрметті азаматы Серік Балпанов баяндама жасады.

Баяндамада айтылғандай, осы Үміткер ауылында туып-өскен Хисамиден Ысқақұлы соғыс жылдарында Қарағанды шахталарында жұмыс істеп, 1948 жылы Қарағанды мұғалімдер және 1966 жылы педагогикалық институттарын үздік бітіріп, ауданның Жаңақала, Үлгі, Аюлы, Үміткер ауылдарының мектептерінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беріп, оқу ісінің меңгерушісі, директоры қызметтерін атқарған. Өзі осы Үміткер орта мектебін басқарған уақытта бұл жаңа ғимараттың салынуына күш салып, ол біткен соң айналасына екізген тал-көшеттері бүгінде жапырағын жайып, жайқалып тұр. Ұстаздық жылдарында жүзден шәкірттерге білім мен тәрбие берген асыл азамат зейнетке шыққан соң ауылдық ардагерлер ұйымына төрағалық етіп, 2013 жылдың 13 тамызында 87 жасында дүниеден озған болатын.



Оның ел алдындағы бұл еңбегі лайықты бағаланып, Пушкин, Үлгі, Бабаев ауылдық кеңестерінің депутаттығына сайланып, «Тың игеру», «1941-1945 ж.ж. ҰОС ерен еңбегі үшін», «ҰОС 50 жылдығы» медальдарымен, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің озық қызметкері» төсбелгісімен, КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1984 жылдың 27 маусымдағы Жарлығы бойынша «Ерен еңбегі үшін» медалімен, Ұлы Жеңістің 55 жылдығында

«Тың ардагері», «ҰОС Жеңіске 60 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталған.

Аудандық оқу бөлімінің бұйрығымен 1977 жылы оған «Аға ұстаз» атағы беріліп, бірнеше рет облыс және аудан әкімдерінің Құрмет грамотасы мен Алғыс хатын алған.

Міне, осындай ізгі жаңа қойылған мемориалдық тақтаның лентасын қиып, ашу құрметіне аудан әкімі Ерлан Құсайын мен

аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұрат Исабаев және Хисекеннің үлкен ұлы Нығметолла ие болып, гүл шоқтарын қойды.

Расында да, «Шәкіртсіз ұстаз – түл» демекші, сол күнгі салтанатқа Хисекеннің жан-жақтан ат арытып келген шәкірттерінің арасынан Мейірану Резина, Бейбіт Әшкенов және осы жолдардың авторы сөз сөйлеп, марқұм ұстаздарының сабақ бергендегі терең білімі мен ешкімге дауыс көтер-

мейтін биязы мінезін еске алып, аруағына бас иіді.

Бұл мемориалдық тақтаның ашылу салтанатына Үміткер орта мектебінің ұжымы да Хисекен өмірбаянына арналған стенд пен концерттік бағдарлама әзірлеген екен.

Салтанат соңында Серік Балпанов бір кезде өзі оқыған мектебіне жеке әдеби қорынан 240 кітап тарту етіп, оның тізімін мектеп директоры Махамбет Қабдығаниұлына табыс етіп, кезінде әріптестері Баян Көкенов және Тілеуғали Әміртаевпен бірлесіп құрастырып, жазған «Физика есептерін шешудің жолдары» жинағының 4 кітабын қоса сыйлап, ол ҰБТ тапсыратын мектеп түлектеріне үлкен көмек болатынын мәлімдеді.

Ал, Хисекеннің ортаншы ұлы Хабиболла Биылдан бастап, жыл сайын ҰБТ тапсыру қорытындысында ең көп балл жинаған мектеп түлегіне көмелеттік аттестатпен бірге 100 мың теңге Хисамиден Ысқақов атындағы стипендия тағайындағандарын жария қылды.

Соңынан ауыл мешітінде ұлағатты ұстаз Хисамиден Ысқақұлының аруағына ас беріліп, дұға оқытылды.

Бұқар жырау ауданы

Суретті түсірген
Данияр ТӨРЖАНОВ

• МАРАПАТ

Маманға лайықты құрмет

Мереке қарсаңында елордадан жағымды жаңалық жетті. Көлік саласының дамуына сүбелі үлес қосып, осы бағытқа қырық жылға жуық ғұмырын арнаған білікті маман Ермек Тұтқышев Көлік министрі Нұрлан Сауранбаевтың бұйрығымен «Құрметті автокөлікші» төсбелгісімен марапатталды. Көлік министрінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясының басшысы Серік Башимов төсбелгі иесін арнайы шақырып, салалық марапатты салтанатты түрде табыс етті.



ЕРБОЛ ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Серік Башимов құттықтау сөзінде марапат иесінің кәсіби біліктілігі мен ел экономикасының дамуына қосқан сүбелі үлесін ерекше атап өтті. Әрі оның жауапкершілік пен жоғары кәсібилікке негізделген еңбек жолы өскелең ұрпаққа өнеге, қоғам үшін үлгі екенін жеткізді. Ағасы Тұрсын Тұтқышев салтанатты рәсімге арнайы келіп, бауырының ұзақ жылғы еңбегін еске алып, жылы лебізін білдірді.

– Ермек осы салада талай жыл абыроймен еңбек етіп, өзінің кәсіби жолын осы жерден бастап, зейнетке де осы саладан шықты. Оны тек біз ғана емес, бүкіл көлік саласының мамандары жақсы біледі. Ол өз ісіне адал болып, жылдар бойы жауапкершілігімен, тиянақтылығымен танылды. Талай жыл бойы осы саланың дамуына бар күш-жігерін жұмсады. Өзім де бауырыммен қатар жүріп, оның еңбегін, табандылығын, жұмысқа деген қозғарсын жақыннан көріп келемін. Ұқыптылығы мен талапшылығы жоғары маман болды. Осындай еңбектің нәтижесінде бүгінгі марапат – лайықты бағасы деп білемін, – деді ол.

Ермек Төлеуұлы еңбек жолын 1975 жылы аудандық «Ақдәрсек» және «Ағадарская новь» газеттерінде фототілші болып бастады. Жастайынан

қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, 1978 жылы ауыл шаруашылығы кәсіподағында нұсқаушы қызметін атқарды. 1984 жылы аудандық партия комитеті мен аудандық кеңестің ұсынысымен «Армияға, авиацияға және флотқа жәрдемдесетін ерікті қоғамның» (ДОСААФ) Ақадыр аудандық филиалының төрағасы қызметіне тағайындалды.

Ал, 1994-1995 жылдары қызмет бабымен Жезқазған облысына ауысып, кейін Қарағанды облысы қайта құрылған соң Қарағанды өңіріне қоныс аударған. Осы кезеңнен бастап, 2014 жылға дейін «ОТАН» қоғамдық бірлестігінің (автомектеп) Абай аудандық кеңесінің төрағасы қызметін абыроймен атқарды. Кейін «ОТАН» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Қарағанды облыстық кәсіптік-техникалық оқу орталығы» мекемесінің директоры болып тағайындалып, аталған қызметтен зейнеткерлікке шықты.

– Көлік жүргізушілерін даярлау саласында шамамен 40 жыл бойы бір мекемеде абыройлы қызмет атқардым. Бар ғұмырымды дерлік осы салаға арнадым. Еңбегімнің еленіп, осындай жоғары марапатқа ие болып отырғаным – мен үшін үлкен құрмет. Осы марапатты табыстаған басшылыққа шынайы алғысымды білдіремін, – деді Ермек Төлеуұлы.

Сурет автордан

Кемел келешектің кепілі

Биыл Мемлекет басшысының бастамасымен еліміздің үш өңірінде «Кітап оқитын ұлт» пилоттық жобасы бастау алған-ды. Бұл жоба – ұлттың зияткерлік әлеуетін арттыруға, қоғамда оқу мәдениетін қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам. Қарағанды облысы да осы бастаманы қолдап, өңір көлемінде жүйелі түрде түрлі іс-шаралар өткізуде.



Жоба аясында ауданымызда ұйымдастырылған байқаулар мен мәдени кездесулер тұрғындардың ерекше қызығушылығын тудырды. Аудандық кезеңге 50 мемлекеттік қызметші, 216 оқушы, 12 әулет және 71 педагог қатысып, кітап оқу арқылы өзара тәжірибе алмасып, білімдерін шыңдады. Қатысушылар көркем шығармаларды талдап, өз ойларын ортаға салып, шығармашылық қабілеттерін де көрсете білді. Бұл шаралар тек бәсекелестік алаңы ғана емес, сонымен қатар, рухани даму, ізденістің және бірлік пен ынтымақтың үлгісіне айналды.

Жоба барысында отбасылық құндылықтарды дәріптеу де басты назарда болды. Осы орайда аудан намысын қорғаған Мальцевтер әулеті облыстық кезеңде жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі III орынға ие болды. Бұл жетістік – бір шаңырақ астында кітап оқуды дәстүрге айналдырған отбасының үлгісі. Мұндай отбасылар жас ұрпаққа өнеге болып, кітаптың тәрбиелік мәнін айқындай түседі.

Жас буынның белсенділігі де ерекше атап өтуге тұрарлық. Облыстық кезеңде 7-сынып оқушылары I орынды иеленіп, аудан абыройын асқатқатса, 6-сынып оқушылары

жүлделі III орынға қол жеткізді. Бұл – білім алушылардың кітапқа деген қызығушылығының жоғары екенін және мектептерде оқу мәдениетін қалыптастыру бағытында жүргізіліп жатқан жұмыстардың нәтижелі екенін көрсетеді. Мұнда ұстаздардың еңбегі зор. Олар оқушыларды тек білімге баулып қана қоймай, кітап арқылы ойлауға, талдауға, пікір айтуға үйретуде.

Сонымен қатар, жоба аясында кітапханалардың ролі де айрықша болды. Аудандық және мектеп кітапханаларында жаңа форматтағы кездесулер, әдеби кештер, кітап көрмелері ұйымдастырылып, оқырмандар саны артты. Кітапханашылар оқырмандарға бағыт-бағдар беріп, заманауи әдебиеттермен таныстыруда белсенділік танытты. Бұл өз кезегінде кітапханалардың қоғамдағы маңызын қайта жаңғыртып отыр.

Жалпы, «Кітап оқитын ұлт» жобасы – рухани жаңғырудың нақты көрінісі. Ол қоғамда білім мен мәдениетке деген құрметті арттырып, саналы, парасатты ұрпақ тәрбиелеуге негіз қалайды. Осындай игі баста-



малардың арқасында кітап оқу күнделікті өмірдің ажырамас бөлігіне айналып келеді.

Алдағы уақытта да бұл жоба өз жалғасын тауып, ауқымы кеңейе түсетіні сөзсіз. Аудан тұрғындарының белсенділігі мен қызығушылығы арта берсе, біз «Оқитын ұлт» қалыптастыру жолында үлкен жетістіктерге жетеміз. Кітап

– рухани байлықтың қайнар көзі десек, сол байлықты ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Мағжан ӘБДҚАДЫР,
«Абай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі»
ММ сектор меңгерушісі

• БӘРЕКЕЛДІ!

Жас жұлдыздар жарқырады

Балқаш қаласындағы Өнер мектебінің оқушылары VIII «ZHAS ZHULDYZDAR» халықаралық шығармашылық фестиваль-байқауы аясында өткен өнер додасында жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орындарға ие болды. Елорда төрінде ұйымдастырылған халықаралық байқауда жас өнерпаздар эстрадалық вокал номинациясы бойынша бақ сынап, өздерінің таланттары мен сахналық шеберліктерін дәлелдеді.

НҮРДӨС КӨРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқау Астана қаласындағы Махамбет Өтемісұлы атындағы оқушылар сарайы базасында өтіп, оған еліміздің түпкір-түпкірінен және шетелден келген дарынды балалар мен жасөспірімдер қа-

тасты. Өнер додасының басты мақсаты – жас таланттарды қолдау, ұлттық және заманауи өнерді дамыту, шығармашыл жастардың кәсіби деңгейін көтеру.

Балқаш қаласы Өнер мектебінің шәкірттері байқауда ерекше белсенділік танытып, жоғары марапаттарға ие болды. Атап айт-

қанда, Медина Кәрібек II орын иеленсе, Тимур Мұғманов пен Мейіран Иманғазиев I орынға лайық деп танылды. Ал, Рымжан Айбота мен Айза Бекішева байқаудың ең жоғары марапаты – Гран-при жүлдесін жеңіп алды.

Жас таланттардың жетістігі – олардың ұстазының қажырлы еңбегінің жемісі. Байқауда шәкірттерін жоғары деңгейде дайындаған жетекші ұстаз Жанар Тілеулина да арнайы марапатқа ие болып, шығармашылық еңбегі үшін алғысқа бөленді.

БАЛҚАШ

Электрондық ПОШТА:
ortalyk.kaz
@mail.ru

